

БӨЛІМ: ЭССЕ

Көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін тіл байлығы қаншалықты қажет деп ойлайсыз?

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.06.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/155871/>

Адам баласы дүниеге бір рет қана келеді. Сол дүниеге келген соң қандай болуы, сөз сөйлеу рөлдері қаншалықты маңызды екенін өмір сүру барысында түсініп, меңгеріп алады.

Сөз деген не? Сөз сөйлеу үшін тіл байлығы қаншалықты қажет?

Сөз-қоғамдағы адамдардың бейнесі. Әр бір сөз, әр бір спикердің бейнесімен сипатталады.

Ол қандай?

Біріншіден: Сізге басқа спикерден қандай жауап келсе, солай қайтарасыз.

Екіншіден: біреу сізге сөйлесе жауап қайтара алмайсыз, үндемейсіз.

Үшіншіден: егер тіл байлығыңыз көп болса, нақты фактілермен сөйлесеңіз-бұл сіздің қоғам алдындағы жетістігіңіз! Себебі, тіл- адамның басты құралы! Сөз жүректен келіп, тілден шығады.

Тағы бір факт: қазіргі таңда жасөспірімдердің көбісі, жалпы Отанымыз бойынша сөздік қорының жеткіліксіздігі 100% дән 35-40%- ды құрайды. Неге деп ойлайсыз? Себебі, техника дамыған, еліміз бірітіндеп шет ел системасына Балалардың көбісі офлайн емес онлайн сабақ алуда. Бұл бір жағынан пайдалы болса, екінші жағынан зиян.

Алдын алу шаралары:

- 1) Оқу-ағарту Министри шешім қабылдау керек;
- 2) Жасөспірімдердің кітап оқуға деген ынтасын арттыру, баулу. Мысалы, «Кітап оқу» сайысын әр бір мектепте, ЖОО-да жиі өткізіліп тұруы шарт әрі тиімді;
- 3) Сонымен қатар, техникалық құралға (смартфонға) байланысты мектеп қабырғасындағы балаларға арнайы заң шешімін шығару;

Осы факті, аргументтерге сүйене отырып, қорытындыға келе менің ұсынысым:

Көп кітап оқыңыз! Себебі, кітап адамның досы. Кітап оқысаңыз сөз байлығын кеңейе түседі.(Абайдың шығармалары сияқты т.б) Шешендік өнеріңіз артады. Қоршаған ортада абыройыңыз ақсақ, беделіңіз биік, талабыңыз таудай болары сөзсіз. Сондықтан да кітапты көп оқыңыз!

Егер дауысым жаман десеңіз: артикуляциялық жаттығулар жасаңыз. Дауыс ырғағы мен дикцияның жақсартады әрі сөзіңіз мәнерлі шығады.Тіл байлығыңызды арттыру, дағдыларыңызды дамыту-өзіңіздің қолыңызда!

Тіл-тіліп түсер наркескен,

Сөз-өткір жебе тау кескен!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.